



ЖАҢАНЫҚ
ДАМУДЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ

3



«BATYR TEAM»
ТӘРТІП ПЕН
ТӨЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

5



JAMBYLTARAZ

№49 (2065) 25 маусым 2026 жыл, бейсенбі

Қоғамдық-саяси газеті

1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

► ТАПСЫРМА ТАЛАБЫ - НӘТИЖЕ

КӨНЕ ШАҢАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ – ҚЫРАҒЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Тараздағы нысандарды аралады



2



ШЕЖІРЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті 60 жылдық белесіне қадам басты

Биыл Жамбыл ауданы баспасөзінің қарашаңырағы – «Шұғыла-Радуга» газеті 60 жылдық белесіне қадам басты. Осыған орай мерейтойға арналған салтанатты шаралар легі бастау алған болатын. Солардың қатарында басылымның өнегелі тарихымен таныстыру әрі сыр шерту мақсатымен газет редакциясында «Шежірелі шаңырақ» атты «ашық есік күні» өткізілді.

2



Көне шаһардың
шалшырағына –
30 жыл

► ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

Тараз қаласының демалыс мәдениеті мен қалалық келбетінде ерекше орны бар нысанның бірі – «Мамыр» бауы. Бұл демалыс орны тек жасыл аймақ ғана емес, бірнеше буын тұрғындардың естелігімен сабақтасқан қалалық кеңістік ретінде қалыптасқан. Уақыт өте келе табиғи демалыс орны ретінде дамып, бүгінгі таңда маңызды инфрақұрылымдық нысандардың біріне айналды.

«МАМЫР» БАУЫ ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Алайда жылдар өткен сайын саябақтың инфрақұрылымы тозып, кейбір бөліктері заманауи талаптарға сай келмей қалғаны жасырын емес. Жарықтандыру жүйесі ескіріп, демалыс орындарының да жайлылығы төмендеді. Осыған байланысты демалыс орнын жаңғырту жобасы қолға алынып отыр.

15 гектар аумақты қамтитын ауқымды жоба саябақты заманауи эопаркке айналдыруды көздейді. Бұл Таразда Мемлекет басшысының бастамасымен өткізілетін «Достастық жәрмеңкесі» аясында жүзеге асырылмақ.

2



ЖАЗЫЛЫМ –
2026



KAZPOST

Қала 4 453.50 тг

Ауыл 6 804.06 тг

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 АЙ – 3000 тг
«Қыран Пресс» 3 900
«Тараз Пресс» 4 000
Жазылым индексі: 65605

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:
45-62-65 8 747 545 4566

► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкімдерімен телефон арқылы сөйлесу барысында азаматтар мүддесіне қатысты әлеуметтік мәселелерді шешу үшін нақты шаралар қабылдауды, балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысын жеделдетуді және барлық жобалардың сапалы әрі уақытылы аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

КӨНЕ ШАҒАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ – ҚЫРАҒЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Тараздағы нысандарды аралады

Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ

Осы тапсырмалар аясында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Тараз қаласындағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанды аралап, құрылыс және жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Әуелі облыс әкімі №27 орта мектептің жаңа ғимаратының құрылысымен танысты. Аталған білім ордасының қолданыстағы ғимараттары 1957, 1963 және 1970 жылдары салынған. Бүгінде олардың тозығы жеткен. Осыған байланысты 600 орындық жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде.

Ербол Қарашөкеев құрылыс жұмыстарын бекітілген мерзімде аяқтаудың маңыздылығына тоқталды. Қала әкімдігіне құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстауды, жұмыс қарқынын төмендетпеуді және тұрғындар мен ата-аналар көтерін мәселелерге жедел ден қоюды тапсырды.

– Президент балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысын жеделдетуді тапсырды. Бұл мектеп – сол міндеттердің бірі. Сондықтан мұнда сапаға да, мерзімге де қатысты ешқандай мәселе болмауға тиіс, – деді облыс әкімі.

Жалпы, өңірде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Айталық, өткен жылы облыста 13 білім беру нысаны пайдалануға беріліп, 4,5 мың оқушыға қосымша орын ашылды. Бұдан бөлек, денсаулық сақтау саласында 4 жаңа нысан іске қосылды. Сонымен қатар 10 спорт нысаны мен 103 спорт алаңы пайдалануға берілді.

Одан кейін өңір басшысы «От-



басын қолдау» орталығы ғимаратындағы жөндеу жұмыстарын тексерді. Облыс әкімі бұл орталықтың әлеуметтік маңызы жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау, сапаны қатаң бақылау және азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру қажеттігіне назар аударды.

Бұдан соң Ербол Шырақпайұлы Абай даңғылы бойындағы жол өткелінің құрылыс алаңында болды. Аталған жоба теміржолдың екі жағында тұратын тұрғындардың көп жылдан бергі мәселесін шешуге бағытталған. Аймақ басшысы құрылыс сапасын бақылауды күшейтуді, қауіпсіздік талаптарын сақтауды және тұрғындарға келетін қолайсыздықтарды барынша азайтуды тапсырды. Сонымен қатар тұрғындармен тұрақты кері байланыс орнатып, көтерілген мәселелерді дер кезінде шешу қажеттігін айтты.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі теміржол вокзалын реконструкциялау жұмыстарымен де танысты. Қазіргі таңда нысандағы құрылыс-монтаж жұмыстарының 62 пайызы орындалған. Ербол

Қарашөкеев жауапты тұлғаларға құрылыс қарқынын күшейтуді және жобаны белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар вокзал аумағында жолаушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, қызмет көрсету сапасын арттыру, сауда орындарын ретке келтіру, рұқсатсыз саудаға жол бермеу, санитарлық тазалық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер жүктеді.

Жұмыс сапарының қорытындысында облыс әкімі Мемлекет басшысы жүктеген міндеттердің сапалы орындалуы басты назарда екенін атап өтті.

– Президент әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысын жеделдетуді, азаматтарды толғандырған мәселелерді уақытылы шешуді және халықпен тұрақты байланыста болуды тапсырды. Сондықтан әрбір жоба нақты нәтижеге жұмыс істеуге тиіс. Біз үшін ең бастысы – тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, балаларға қолайлы жағдай жасау және халыққа сапалы қызмет көрсету, – деді аймақ басшысы.

Өңір басшысы барлық нысандардағы жұмыстардың сапасы мен мерзімінің сақталуы тұрақты бақылауда болатынын атап өтті.

► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ШЕЖІРЕЛІ ШАҢҒЫРАҚ

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті 60 жылдық белесіне қадам басты

Аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова бастаған топ әуелі басылым ауласында ұйымдастырылған фотокөрмеге зер салып, киіз үйде арнайы жайылған дастарханнан дәм татты. Жергілікті ақын Нұрлыбек Құрмановтың мерекелік арнауын тыңдап, қошемет көрсетті.

Келесі кезекте меймандар күрделі жөндеуден өткен заманауи кейіптегі ғимараттың ішіне кіріп, «60 жыл елмен бірге» атты «Шұғыланың» шекпенінен шыққан ақын-жазушылардың кітап көрмесімен, газеттің әр жылдардағы сандары қойылған «Газет – халықтың шежіресі» атты экспозициямен етене танысты.

Келесі кезекте болашағынан зор үміт күттіретін жергілікті жас ақын қыздар өлеңнен шашу шашса, айшабибілік Мерей

Жамалбек басылымда бас редактор қызметін атқарған ақын Базар Қиыбаевтың «Мен өмірді сүйемін» атты өлеңін, ерназарлық Кәусар Бейсенбек бір кездері газеттің жауапты хатшысы болған ақын Совет Әлімқұловтың «Туған жер» атты өлеңін мәнерлеп жатқа оқыды.

Содан соң редакцияның бөлмелерін аралап көрген топ мәжіліс залына бас сұғып, газеттің тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен сыр шертетін тағылымды бейнебаянды тамашалады. Басылымда бірнеше буын қалыптасқанын, редакцияның табалдырығы қасиетті, шаңырағы киелі екенін ұғынды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ,
журналист.
Жамбыл ауданы



► ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

«МАМЫР» БАУЫ
ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

– «Мамыр» бауы қаланың урбанистік дамуы барысында тұрғындарға арналған қоғамдық демалыс аймағы ретінде қалыптастырылған. Оның басты мақсаты – қала ішінде табиғи ортаға жақын кеңістік құрып, тұрғындарға серуендеуге, демалуға және балалармен уақыт өткізуге мүмкіндік жасау. Абаттандыру жұмыстары арқылы біз заманауи, қауіпсіз әрі экологиялық талаптарға сай келетін қоғамдық кеңістік қалыптастыруды көздеп отырмыз. Жоба аясында саябақтың табиғи келбеті сақталып, тұрғын-

дардың жайлы демалуына барлық жағдай жасалады. Нәтижесінде бұл орын Тараздың жаңа тартымды демалыс орталықтарының біріне айналады, – дейді Тараз қаласы әкімінің орынбасары Дамир Жаманбаев.

Жоба аясында саябақта заманауи балалар ойын алаңдары, жаяу жүргіншілерге арналған ыңғайлы жолдар, демалыс аймақтары, жарықтандыру жүйесін жаңарту және аумақты толықтай көгалдандыру жоспарланған.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

► МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ТАСТАЯҚ ТУРНИРИ

Кеше Таразда Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай «Jambyl» телеарнасының негізін қалаушылардың бірі, белгілі журналист, қоғам қайраткері Мұса Рахманбердиев атындағы жүлде үшін дәстүрлі бильярд турнирі өтті.



Осымен 19-рет ұйымдастырылып отырған жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

– Бүгінгі турнир журналистер қауымының тек қалам ұстауда ғана емес, спорттық сайыстарда да

белсенді екенін дәлелдеп келеді. Тастаяқ спортына деген қызығушылық, салауатты өмір салтын насихаттау, әріптестер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту – осы турнирдің басты құндылықтарының бірі. Сондай-ақ бұл сайыс жыл сайын ақпарат саласының өкілдерін

бір алаңға жинап, тәжірибе алмасуға, шығармашылық байланыстарды нығайтуға және кәсіби достықты бекемдеуге мүмкіндік беруде. Сондықтан бұл турнирдің маңызы тек спорттық бәсекемен шектелмейді, – деген шаһар басшысы қатысушыларға сәттілік тіледі.



Сонымен қатар Қазақстан Журналистер одағы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Жаңабай Миллионов және «Jambyl» телеарнасының директоры Гүлбаршын Құланбаева сөз сөйлеп, жылы лебіздерін арнады.

Жарыс қатысушылары жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлініп, өзара мықтыны анықтады. Нәтижесінде жастар арасында I орынды Ерғали Қартайған, II орынды Серік Тәжібаев, III орынды Берік Жақулаев иеленді. Ал ардагерлер арасында Құрманғазы Демешов – I, Көсемәлі Сәттібайұлы – II, Ғалым

Қасабай III орындарды еншіледі.

Сонымен қатар турнирде үздік ойын көрсеткені үшін Бақытжан Советұлы, Жасұлан Әбдіхалық және Тимур Сейілхан арнайы ынтыландыру сыйлықтарымен марапатталды.

Жарысты қала әкімдігі ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлназ Смағилдаева мен «Jambyl» телеарнасы директорының орынбасары Айбол Қарашев қорытындылап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом және бағалы сыйлықтар табыс етті.

Аман ЕСЕН

► ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

ЖАҒАНДЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа арнаған Жолдауында «Қазақстанды міндетті түрде жаппай цифрлық елге айналдыру» бойынша мақсат қойды.

Макиавеллиден қалған даналыққа жүгінсек, егер қандай да бір құбылысқа тосқауыл қойып, тоқтата алмасаң, дұрысы – оның басшылық тізгінін ұстап, басқару болса керек. Қазақстан Президенті осылайша Жолдау арқылы жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне қатты әсер етіп жатқанын еске салды.

– Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, бағыт әрекет етуіміз керек. Өйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және ЖИ технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Арада екі айдай уақыт өткенде, 2025 жылғы 17 қарашада, Мемлекет басшысы Парламент қабылдаған және ЖИ-ге тікелей қатысты заңнамалық топтамаға қол қойды. Пакетке «Жасанды интеллект туралы», «Кейбір заңнамалық актілерге жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» үш заң жобасы кірді.

Бір қызығы, осы арқылы Қазақстан ЖИ-ді заңмен жүгендей алған әлемдегі аз шоғыр көшбасшының – «он бестіктің» қатарына кіріпті. Қазақ елінің жасанды интеллектті енгізудің нормативтік-құқықтық базасын әзірлегенін, цифрлық даму саласында тұрақты ілгерілеуді паш етуін жоғары бағалаған америкалық Стэнфорд университеті AI Index Report есебінде Қазақстанды «ұлттық заңнаманы жасанды интеллект технологияларын дамытуға бейімдей алған» әлемнің үздік 15 мемлекетінің қатарына қосты.

Бүгінде бұл салада Қазақстанның 11 өңірінде 27 университет пен 6 ғылыми институт бел-

сенді зерттеу жұмыстарын жүргізеді, бұған 479 ғалым жұмылдырылған. ЖИ-ге қатысты 62 жоба іске асырылып жатыр. Жобалардың ең көбі Алматы мен Астанада шоғырланған. Оның ішінде озық өндіріс құруға, цифрлық технологияларды енгізуге, ғарыш және медицина салаларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Заңнамалық тиімді реттеусіз ЖИ технологияларын оңтайлы енгізу мүмкін емес. Сондықтан Президент қол қойған «Жасанды интеллект туралы» заңы арқылы жасанды интеллект жүйелері қызметінің негізгі қағидаттары енгізілді. Бұдан былай ЖИ «адамның белгілі бір міндеттерін орындаудың құралы» ретінде қарастырылады. Тиісінше, адамға тиесілі функциялардың бір бөлігі соған тапсырылуы мүмкін. Мысалы, болашақта ЖИ заң жазумен айналыса алады.

Мемлекет басшысының Жолдауда жариялаған бастамасымен Қазақстан бір палаталы Парламентке көшсе, ЖИ оған үлкен көмекші, тіпті ақылшы-кеңесші бола алады. Президент қос палаталы қазіргі Парламент ретті-ретсіз қаптаған заң қабылдап тастағанына назар аудартты. Жуырда оны ретке келтіру ісі ЖИ-ге табысталады. Яғни, заң шығаруға қатысты қызметіне ол қазірден кірісе бастамақ.

– Елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр. Заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн. Жасанды интеллект технологиясы мұны жылдам әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Бұл орталық заңнаманы ретке келтірумен, түсінікті әрі тиімді ұсыныстар әзірлеумен айналысады. Занды күрделендіре бермеу керек, – деді Қ.Тоқаев. Сөйтіп, болашақта ЖИ арқасында Қазақстанға қос палатадан тұратын Парламентті және көп депутатты ұстап тұру қажет болмай қалуы мүмкін.

Жаңа заңнамалық топтама жауапкершілік пен бақылау қағидаттарын бекітті. Соған сәйкес, меншік иелері мен пайдаланушылар жасанды интеллект жүйелерін қолда-



ну кезінде өзінің атқаратын рөліне қарай жауап береді. Занды әзірлеуге атсалысқан сенатор Бибігүл Аққожинаның айтуынша, ЖИ-ді қолдану арқылы жасалғанынан хабардар ету үшін осы жүйелер жасаған «синтетикалық» тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді міндетті түрде тиісті таңбамен таңбалау талабы енгізілді.

Өйткені қазіргі кезде әлемдегі түрлі төңкерістер, бейберекетсіздіктер кезінде ЖИ көмегімен құрастырылған жалған видео, фотоматериалдар қолданылып, ел арасына лаң салады. Мысалы, Калифорниядағы алапат су тасқыны кезінде отбасынан күшігі екеуі ғана аман қалып, жылап отырған балдырған қыздың бейнесі салмақты интернет басылымдарда таралып, қоғамның құтқарушыларға деген ашынысын туғызды. Сонынан оны ЖИ жасағаны әшкереленді.

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында түпсаналық, манипуляциялық мүмкіндіктері бар немесе дербес деректер туралы заңнаманы бұзу арқылы жеке деректерді жинап, өңдеу әдістерін қолдана алатын және басқа да бірқатар мүмкіндіктерге ие, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын жасанды интеллект жүйелерін Қазақстан аумағында құруға және пайдалануға тыйым салынды.

– Бұл заңда адам мен қоғамды ықтимал қауіпті технологиялардан қорғауға бағытталған қатаң шектеулер бар. Атап айтқанда, ЖИ-ді адамның мінез-құлқын бұрмалайтын және саналы түрде шешімдер қабылдау қабілетін шектейтін немесе зиян келтіретін түпсаналық, манипуляциялық немесе өзге де әдістерді пайдалану үшін қолдануға жол берілмейді. ЖИ арқылы әлеуметтік мінез-құлқының, жеке қасиеттерінің, биометриялық деректерінің негізінде жеке тұлғаны, адам тобын бағалауға және сыныпқа бөлуге тыйым салынды, – дейді сенатор.

Ілеспе заңмен енгізілген түзетулер криптовалюталардың, қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің Қазақстан аумағындағы айналымын реттейді. Бұған дейін биткойн, басқасының айналымы тек «Астана» қаржы орталығының аумағында рұқсат етіліп келген еді.

Азаматтардың жеке деректерін қорғау амалдарын күшейту үшін

жеке деректерді өңдеуге келісім беру мерзіміне қатысты талап енгізілді. Енді бұл мерзім жеке деректерді өңдеу мақсатына жету үшін қажетті мерзімнен аспауға тиіс. Бұған дейін азаматтың осыған қатысты бір рет келісін алған банктер, өзге ұйымдар оны «мәңгілік» режимінде қолдана беретін. Сондай-ақ енді субъект немесе оның заңды өкілі иесін, операторды, үшінші тарапты ескертіп, жеке деректерін жинауға, өңдеуге берген келісін қайтарып алуға құқылы.

Жасанды интеллект депутаттарды ғана емес, шенеуніктерді де ауыстыра алады. Мысалы, қазіргі кезде «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлерін ЖИ-мен ауыстыру талаптары жасалып жатыр. Қабылданған жаңа заң барлық меморгандарды ЖИ саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысуға міндеттейді. Олар ортақ деректер кітапханасын қалыптастырып, осы ұлттық платформа операторына өзінің барлық ақпараттық ресурсын қолжетімді етеді.

Соның негізінде жасанды интеллект аталған кітапхана мен бірыңғай платформа арқылы әрбір меморганның немен айналысатынын, қандай уәкілеттік, міндет пен функцияларды орындайтынын, әрбір нормативтік актілерін лезде зерттеп, өз бетінше үйренеді. Нәтижесінде, ЖИ Үкіметтен, министрліктер мен әкімдіктерден бастап, түрлі мемлекеттік мекемелердің белгілі бір қызметтерін өз мойнына ала алады. Тиісінше, жасанды интеллект атқаратын лауазымдарда шенеунікті ұстап тұруға ешқандай қажеттілік қалмауы мүмкін.

Осы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы жақсартылады әрі мерзімі күрт қысқартылады. Себебі ЖИ шаршамайды, тәулік бойы ың-шыңсыз істейді, жалақы талап етпейді. Адам-шенеунік алдында бума-бума құжаттың үйіліп жатқанын, оның бәрін қарап, заңдылығын тексеріп, сараптама не сауатты жауап беруге қолы тимейтінін алға тартып, өзге өтініш иелеріне бірнеше күн кезек күттіріп қоюы мүмкін. Ал ЖИ-шенеунік миллиондаған адамның өтінішін бір мезгілде қарап шыға алады.

Мұның бәрі Қазақстанда әлі күнге қиял-ғажайыптай көрінуі мүмкін. Бірақ Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Мунның айтуынша, бұл

бағытта қоғамға байқалмайтын, елге еленбейтін жұмыс қызу жүргізіліп жатыр.


– Қазірдің өзінде 10-нан аса түрлі ЖИ-ассистент жасап шықтық. Оның бәрін Ұлттық жасанды интеллект платформасы біріктіреді. Мысалы, тек ауыл шаруашылығына бағдарланған AI-ассистент, өнеркәсіп салаларына маманданған AI-ассистент және басқасы бар. Бүгінде олардың жауабының дәлдігі, дұрыстығы 80-85 пайыз арасында құбылады. Аз ғой дерсіз. Бірақ адам-шенеунік те біліктілігі жетпесе, өзіне жүгінген өтініш иесіне кәге кеңес беріп, бұрыс шешім қабылдап жатады емес пе? – деді ЖИ вице-министрі.

Сауатты болуы үшін әрбір депутат, министрлік пен әкімдік қызметкері, барлық мемлекеттік қызметші үнемі оқуы, біліктілігін жетілдіруі керек, ол енді өзіне, қарым-қабілетіне, еңбекқорлығына байланысты. Мойны жар бермесе, әлеуеті, ақылы жетпесе, білімін жетілдірмейді.

– Одан айырмашылығы, біз ЖИ көмекшілерді ақпараттық жүйелер, аналитикалық материалдар, үлкен деректер негізінде тоқтау-сыз, үнемі үйретудеміз. Сонда беретін жауабының, қабылдайтын шешімінің дәлдігі, дұрыстығы 90-95 пайызға, тіпті 99 пайызға дейін жетеді. Бұл – біздің мұрат. Оған қол жеткізу үшін арнайы процедура енгіздік: нақты бір тақырыпты түбіне, жік-жапсарына дейін егжей-тегжейлі білетін тәжірибелі қызметкерді, маманды жалдаймыз. Ол ЖИ-ді оқытады, өз шәкіртіндей бар білімін соған береді. Мысалы, мемлекеттік қызметтер бойынша AI-ассистентті жасадық және Халыққа қызмет көрсету орталықтарының 150 білікті қызметкерін алдық. Оны солар «тәрбиеледі», – деді Дмитрий Мун.

Үйрету тек оқытумен аяқталмайды екен. Оның соңғы кезеңінде түрлі сұрақтар қойылып, ЖИ-көмекшінің берген жауабының дұрыстығы, заңнамаға, соның ішінде жаңартылған заңдар мен НҚА-ларға сәйкестігі тексеріледі. Мұның сыртында нақты міндеттер жүктеліп, өмірден алынған кейстер бойынша шешімі сұралады. Қысқасы, олқылығы мен кемшін тұстарын анықтау үшін сынақ-тестілеудің түр-түрі қолданылып жатқан көрінеді.

Айхан ШӘРІП,
журналист



► ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Тараз қаласы әкімдігі медиа орталығының бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай?

Қазіргі таңда ақпарат қоғамның қозғаушы күшіне айналып, мемлекеттік органдар мен тұрғындар арасындағы ашық әрі тиімді байланысты қамтамасыз етудің маңызы артып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында мемлекеттік мекемелердің жұмысы бұрынғыдан да ашық, қолжетімді және халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуға бағытталуда. Бұл тұрғыда билік пен бұқараның арасына дәнекер болып жүрген баспасөз қызметінің рөлі айрықша зор.

Құрбанәлі

ШАХАБАЙ

2020 жылы ақпараттық саясатты тиімді жүзеге асыру, тұрғындарды шаһардағы жаңалықтармен дер кезінде қамту, мемлекет пен азаматтар арасындағы диалогты нығайту мақсатымен Тараз қаласы әкімдігінің медиа орталығы өз жұмысын бастаған болатын. Содан бері аталған орталық көне шаһардың ақпараттық кеңістігін қалыптастыратын маңызды құрылымдардың біріне айналды. Ендеше, Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында күнделікті жұмысын журналистер қауымымен сабақтастырып отырған мекеменің бүгінгі тыныс-тіршілігін осы мақаламызға арқау еткенді жөн көрдік.

Қазіргі таңда орталықта қазақ және орыс тілді журналистер, SMM, дизайнер және бейнеқұрастырушы мамандар жұмыс істейді. Олар күн сайын қала аумағында атқарылып жатқан жұмыстарды ақпараттық тұрғыдан сүйемелдейді. Бұл күні орталықтың тізгіні жас та болса ба бола білген Назерке Болаттың қолында.

– Медиа орталық – қала әкімдігінің ақпараттық саясатын жүзеге асыратын басты мекемелердің бірі. Оның негізгі мақсаты – тұрғындарды шаһар өміріндегі жаңалықтармен уақытылы таныстыру, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын түсіндіру, қоғамдық пікірді зерделеу және азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарына жедел жауап беру. Бүгінде заманауи технологиялардың дамуы нәтижесінде жаңалық тарату тәсілдері түбегейлі өзгерді. Бұрын ақпараттың негізгі көзі газет-журналдар мен телеарналар болса, қазір әлеуметтік желілер мен интернетресурстар алғашқы орынға шыққаны белгілі. Осы өзгерістерге бейімделген медиа орталық ұжымы жергілікті атқарушы органның ресми ақпараттық ресурстарын тиімді пайдаланып, тұрғындарға қажетті мәліметтерді жедел жеткізуге күш салып келеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың шаһардағы ілкімді істер мен жаңалықтардан дер кезінде хабардар болуына толықтай мүмкіндік береді, – дейді орталық директорының міндетін атқарушы Назерке Манатқызы.

Назерке Болаттың өзі де бұл ұжымға сырттан келген басшы емес. Ол – осы мекемеде баспасөз саласының қыр-сырын меңгеріп, кәсіби тұрғыда шыңдалған маман. Жылдар бойы орталықтың жұмысын жүйелеуге, әрбір істің сапалы жүзеге асуына және мекеменің заманауи талаптарға сай дамуына өз үлесін қосып келеді. Орталықтың күнделікті жұмысын үйлестіру, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысты нығайту, әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардың жұмысын жандандыру, тұрғындармен кері байланысты күшейту бағытында атқарылған жұмыстарда оның қолтаңбасы анық байқалады. Сондықтан да тәжірибесі мол білікті маманға осыдан бір жылдан астам уақыт бұрын мекеме басшысының міндетін атқару сеніп тапсырылды.

– Басшылық қызметке тағайындалған сәтте жауапкершіліктің жүгі ауыр болатынын жақсы түсіндім. Әсіресе, жас маман ретінде маған

деген талаптың да жоғары боларын сезіндім. Дегенмен, әріптестерім немесе әкімдік тарапынан «жас екен» деп жатсыну болған жоқ. Керісінше, Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков үлкен сенім білдірді. Сондай-ақ қала әкімінің орынбасарлары, кеңесшісі Нұрдос Сембек және бөлім басшылары әрдайым қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп келеді. Бұл менің жігерімді жанып, қанатымды қатайта түсуде. Бүгінде осы сенімнің үдесінен шығып, өзіме жүктелген қызметті абыроймен атқаруға барынша тырысып келемін, – деп ағынан жарылды Н.Болат.

Әрине, орталықтың нәтижелі жұмысы тек шығармашылық ұжымның ғана емес, мекеменің ішкі тұрақтылығы мен қаржылық тәртібін қамтамасыз етіп отырған мамандардың да еңбегімен тығыз байланысты. Солардың бірі – орталықтың есепшісі Мұхан Есентайұлы. Өз ісінің білікті маманы саналатын ол мекеменің қаржылық



жоспар әзірлеп, ақпараттық жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырады. Сонымен қатар күнделікті жаңалықтар, мақалалар, сұхбаттар мен түрлі ақпараттық материалдарды дайындап, оларды ресми сайт пен әлеуметтік желі платформаларында тұрақты түрде жариялайды. Бұл ретте мамандар графикалық дизайнер Асылай Сейтханмен тығыз байланыста жұмыс істейді. Журналистердің мазмұнды материалы мен дизайнердің шығармашылық шеберлігі өзара үйлесім тауып, нәтижесінде заманауи талаптарға сай, тартымды әрі сапалы ақпараттық өнімдер әзірленеді.

Бүгінде бейнежазба түсіру, оны монтаждап, өңдеу, қысқа форматтағы роликтер әзірлеу және әлеуметтік желілерге бейімделген заманауи контент жасау да орталық жұмысының

жүреміз.

Біздің жұмысымыздағы ең маңызды міндеттердің бірі – жай ғана бейне түсіру емес, әр кадр арқылы атқарылып жатқан жұмыстың мазмұнын көрсету. Кейде бірнеше сағат бойы түсірілім жүргізіп, оның ішінен ең сәтті көріністерді тандап аламыз. Себебі әрбір кадр көрерменге белгілі бір ой жеткізуге тиіс. Қаланың дамуы, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған жобалар, тұрғындармен ашық диалог алаңдары – мұның барлығы бейнематериал арқылы шынайы әрі әсерлі көрсетілгенде ғана өз нәтижесін береді. Сондықтан біз үшін сапалы кадр алу – басты талаптардың бірі. Әрбір анық түсірілген фото немесе бейне, әрбір сәтті ракурс, әрбір кәсіби дайындалған ролик қала әкімдігі жұмысының ашықтығын көрсетіп

жүктелген. Ол қала мен облыс әкімдіктеріне келіп түсетін шаһарға қатысты сан алуан мәселені саралап, олардың орындалу барысын бақылауға атсалысады. Сонымен қатар апта сайынғы және айлық ақпараттық дайджесттерді әзірлеп, жауапты тұлғаларға ұсыну жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді.

– Қазіргі таңда тұрғындар тарапынан келіп түсетін өтініштер мен шағымдардың сипаты әртүрлі. Бірі коммуналдық қызметтердің жұмысына қатысты болса, енді бірі жол, жарық, қоғамдық көлік, абааттандыру немесе басқа да әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Кейде әлеуметтік желілерде нақты жағдай анықталмай жатып сын-пікірлер айтылып, тіпті шындыққа жанаспайтын ақпараттар да тарап кетеді. Осындай жағдайда біздің басты міндетіміз – мәселенің мән-жайын жедел анықтап, тұрғындарға ресми әрі нақты ақпарат ұсыну.

Біз жұмыс барысында «Алтын сағат» қағидасын басшылыққа аламыз. Оған сәйкес, азаматтардың арыз-шағымдары мен сауалдарына жауап алғашқы бір сағаттың ішінде берілуі тиіс. Сондықтан әрбір өтініш пен пікір біздің назарымыздан тыс қалмайды. Тиісті бөлімдермен және жауапты мекемелермен дереу байланысқа шығып, нақты ақпаратты жинақтап, тұрғындарға мүмкіндігінше қысқа мерзімде жауап ұсынуға тырысамыз.

Тараз – аумағы үлкен, халқы тығыз орналасқан қала. Сондықтан кейде коммуналдық желілердегі ақаулар, табиғи құбылыстардың салдары немесе өзге де күтпеген жағдайлар болып жатады. Мұндай сәттерде тұрғындардың алаңдаушылығы артып, түрлі ақпарат көздерінен мәлімет іздей бастайды. Біз дәл осындай кезеңдерде жалған ақпараттың таралуына жол бермеуге және халықты тек ресми ақпаратпен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлеміз. Кейде жұмыс уақытымен шектелмейтін кездер де болады. Кешкі мезгілде немесе демалыс күндері болған оқиғаларға байланысты тұрғындардың сауалдары көбейеді. Осындай уақыттарда тиісті басқармалар мен мекемелерден жедел ақпарат алып, ресми түсініктемелерді әзірлеп, халыққа жеткізу үшін тәулік бойы жұмыс істеуге тура келеді. Өйткені тұрғындардың сенімі мен ақпараттық қауіпсіздігі бәрінен маңызды, – дейді Нұрдана Нұрғалиқызы.

Соңғы жылдардың бедерінде Тараз қаласында көптеген әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды. Жаңа тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, көшелер жөнделді, қоғамдық кеңістіктер абааттандырылып, білім және денсаулық сақтау нысандары жаңартылды. Осындай игі бастамалардың барлығы тұрғындарға ашық әрі түсінікті түрде жеткізіліп келеді. Ал мұның артында аядай ғана болса да атан түйеге жүк болар жауапты жұмысты жүргізіп отырған орталық қызметкерлерінің әрқайсысының өлшеусіз еңбегі жатыр. Осы орайда орталық ұжымын алдағы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері құнымен шын жүректен құттықтап, жұмыстарына толайым табыс тілейміз! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз еселеніп, беделдеріңіз биіктей берсін, әріптестер!



есеп-қисабын талапқа сай жүргізіп, бюджеттік қаражаттың тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қадағалап келеді. Қаржылық құжаттардың заңнамаға сәйкес рәсімделуі, есептердің уақытылы тапсырылуы және бухгалтерлік жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылуы – оның күнделікті қызметінің маңызды бөлігі.

Медиа орталық имидж және кері байланыс бағытындағы негізгі екі бөлімнен тұрады. Әсіресе, имидж бөлімі ерекше рөл атқарады. Мұнда қазақ және орыс тілдерінде еркін жұмыс істейтін кәсіби журналистер еңбек етеді. Бөлім мамандары күн сайын әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларды жүргізумен қатар, қала әкімдігінің ресми сайтына ақпараттарды уақытылы жариялап, телеарналар мен өзге де баспасөз құралдарын қажетті мәліметтермен тұрақты түрде қамтамасыз етеді. Шаһардағы маңызды оқиғалар, инфрақұрылымдық жобалар, қоғамдық-саяси іс-шаралар мен әлеуметтік бастамалар туралы ақпараттар дәл осы бөлімнің үйлесімді жұмысының нәтижесінде тұрғындарға дер кезінде жетіп отырады. Аталған бағытта тәжірибелі журналистер – Шоппан Оразбаева, Екатерина Военберг және Назерке Шайзаева табанды жұмыс істеуде. Олар әр тоқсанға арналған арнайы медиа-

ажырамас бөлігіне айналған. Осы бағытта Дәурен Нысанбай мен Байжан Жолдыбек кәсіби шеберліктерімен ерекшеленіп келеді. Екеуі күн сайын қала әкімдігінде өтетін аппарат кеңестерін, түрлі деңгейдегі жиындарды, қоғамдық қабылдауларды, мәдени-көпшілік іс-шараларды және шаһардағы маңызды жобалардың жүзеге асу барысын фото және бейне форматта түсіріп, ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

– Мобилографтың жұмысы сырт көзге оңай көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік пен тынымсыз еңбек жатыр. Әсіресе, қала әкімінің жұмысын ақпараттық тұрғыдан сүйемелдеу барысында әр күн әртүрлі өтеді. Қала әкімі Бақытжан Әмірбекұлының жұмыс кестесі өте тығыз. Кейде жұмыс тансәріден басталып, түннің бір уағына дейін жалғасатын кездер болады. Мұндай сәттерде біз де оқиғаның ортасында жүріп, әрбір маңызды сәтті назардан тыс қалдырмауға тырысамыз.

Шаһар басшысы қалада атқарылып жатқан әрбір жұмыстың барысын тұрақты бақылауда ұстайды. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан шаһар аумағын аралап, нақты жағдаймен танысады. Біз де сол сәттердің барлығын сапалы түрде түсіріп, көпшілікке жеткізу үшін үнемі дайын

қана қоймай, оның оң имиджін қалыптастыруға да ықпал етеді. Бүгінде тұрғындардың басым бөлігі жаңалықтарды әлеуметтік желілер арқылы қабылдайды. Сол себепті ақпараттың мазмұнын қатар, оның көркемдік және техникалық сапасына да ерекше мән беріледі, – дейді Дәурен Орынбекұлы.

Мекемеде тұрғындармен кері байланысты қамтамасыз ету және азаматтардың өтініш-тілектеріне жедел жауап беруге де айрықша ден қойылған. Бұған жауапты маман Нұрдана Рахметулласева күнделікті Documentolog, E-Өтініш, eGov және өзге де электрондық платформалар арқылы келіп түсетін сауалдар мен өтініштерді зерделеумен айналысады. Сонымен қатар облыс әкімдігі тарапынан жолданған тапсырмалар мен тұрғындар көтерген мәселелер бойынша ақпараттарды жинақтап, қала және облыс әкімдіктеріне арналған ақпараттық дайджест әзірлейді. Әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларға, атап айтқанда Facebook пен Instagram желілеріне келіп түскен пікірлер мен сұрақтарды тұрақты бақылауда ұстап, оларға тиісті жауаптардың уақытылы берілуін қамтамасыз етеді.

Ал апта және ай сайынғы қорытынды ақпараттарды әзірлеу, талдау жұмыстарын жүргізу Роза Нурсалиеваға

► ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕ

«BATYR TEAM» ТӘРТІП ПЕН ТӨЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Әлемде сын сағатта басын бәйгеге тігіп, зардап шегушіні құтқару үшін қауіп-қатердің ортасында жүретін мамандықтар бар. Кез келген кездейсоқ адам бұл мамандықтың иесі бола алмайды. Солардың бірі – өрт сөндірушілер. Оларға жүректілік пен батылдық, қайсарлық пен батырлық тән. Себебі өмір мен өлімнің ортасында, күннің ыстығы мен суығына қарамастан өрттен адам өмірін арашалап жүрген абыройлы мамандық иелерінің жұмысы тәуекел мен қатерге толы.



Құтқарушы мамандығын игерген адамның ең басты міндеті – азаматтарды қауіп-қатерден арашалау. Тәуліктің қай кезінде болмасын өрт сөндірушілер мен құтқарушылар қиындыққа тап болғандарға көмек көрсетуге дайын тұрады. Сол себепті олардың физикалық дайындығы әрдайым жоғары деңгейде болуы аса маңызды.

Жалпы, жылына өрт сөндірушілер үшін екі рет физикалық дайындық сынағы өткізіледі. Дайындықта арнайы тәртіп сақталады. Олардың күнделікті өмірінің өзі – спорт. Төтенше жағдайлар орын алма-са да, өрт сөндірушілер денесін шынықтырып, дайындық жұмысын жүргізіп отыруға тиіс.

Бұл ретте Тараз қаласында аталған бағыттағы жұмыстарға ерекше ден қойылған деп айтуға болады. Соны бір дәлелі – облыс орталығындағы №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында заманауи «Batyr Team» спорт залының ашылуы. Жаңа спорт зал қызметкерлердің жаттығу өткізуіне, спортпен шұғылдануына және дене дайындығын жетілдіруіне арналған алаңға айналады.

Залда жеке құрам үшін денсаулықты нығайтуға, төзімділікті арттыруға және жауынгерлік әзірлікті сақтауға ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасалған. Аталмыш залдың ашылуы азаматтық қорғау органдары қызметкерлері арасында спорт мәдениетін дамытудың тағы бір маңызды қадамы болды. Себебі дене дайындығы – құтқарушы мен өрт сөндіруші мамандығының ажырамас әрі маңызды бөлігі.

Өрт сөндірушілердің жұмысы ауыр, зиянды, әрі қиын. Өмірлеріне үнемі қауіп төніп тұрады. Қысқы уақытта 5-6 сағат өрт сөндіреді, терлейді. Өрт толық сөндірілгенге дейін қалады. Кейін пневмония, өкпенің қабынуы, омыртқа жарығы (позвоночная грыжа), бел аурулары пайда болады, бұл – өрт сөндірушілердің кәсіби аурулары десек те болады. Кейде жарақаттар алып жатады, жұмыс барысында күнделікті адам құтқару үшін көп нәрсеге барады. Соған қарамастан, мамандар спортпен белсенді айналысады, салауатты өмір салтын ұстанады, өз қызметіне адал.

Жалпы, «Batyr Team» спорт клубы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әріновтің бастамасымен құрылған. Бұл Тө-



тенше жағдайлар министрлігі қызметкерлерінің имиджін нығайту, қызметкерлерді кәсіби және спорттық қызметте ілгерілету, сондай-ақ азаматтық қорғау органдарында спортты дамыту үшін маңызды қадам болды.

«Batyr Team» қызметкерлердің дене бітімін сақтауға және бірлік рухын қалыптастыруға арналған платформаға айналды. Клуб тек спортпен шұғылданатын орын ғана емес, сондай-ақ батылдық, күш пен патриотизмнің символы.

Бүгінгі таңға дейін Астана, Алматы, Атырау, Шымкент, Көкшетау, Қостанай, Өскемен қалалары мен Батыс Қазақстан облысында 8 ересек және 2 балалар «Batyr Team» клубы болған. Негізгі бас кеңсесі Астана қаласында орналасқан. Енді олардың қатарына Тараз қаласы да қосылып отыр.

Бұл клубтар дене шынықтыру мен денсаулықтың маңызды орталықтарына айналды. Мұнда әркім өзінің спорттық дағдыларын дамытып, жаттығуларға қатыса алады. Сондай-ақ жастарды патриотизм мен батылдық рухында тәрбиелейді. Болашақта ТЖМ спорт клубтарының желісін кеңейтуді және республиканың әрбір өңірінде осындай орталықтар құруды жоспарлап отыр. Бастама қызметкерлердің дене дайындығын жақсартып қана қоймай, жастарды спортпен шұғылдануға тартуға мүмкіндік береді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, төтенше жағдайлар саласында жұмыс істейтін мамандардың ішінде 250-ге жуық спортшы-қызметкер бар екен. Олардың ішінде «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Спорт шебері», «Спорт шеберіне кандидат» және өзге де спорттық разрядтарға ие қызметкерлер бар. Бұл көрсеткіштер жа-

рыстарға үнемі қатысатын, жүлделі орындарға ие болатын және ұлттық және халықаралық аренада Төтенше жағдайлар министрлігі имиджін арттыруға ықпал ететін азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің даярлығы мен кәсібилігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Клубтың қызметі Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлері үшін тұрақты жаттығулардан бастап, «Қазақ күресі» және қоян-қолтық ұрыс бойынша чемпионаттар сияқты спорттық жарыстарға қатысуды ұйымдастыруға дейінгі көптеген бағыттарды қамтиды. «Batyr Team» MMA, Джиу-джитсу және басқа да күштік спорт түрлерінен халықаралық турнирлерге белсене қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындарға ие болды.

«Batyr Team» клубының спортшылары жекпе-жек, грэпплинг, кикбоксинг және гір көтеру спорты бойынша әлем және Азия чемпионаттарын қоса алғанда, ұлттық және халықаралық жарыстарда түрлі дәрежедегі медальдарға қол жеткізіп келеді.

«Batyr Team» – бұл жай ғана спорттық бастама емес, дағдарыстық жағдайлардың әртүрлі түрлеріне ден қою үшін ТЖМ жеке құрамының моральдық және физикалық әлсуетін нығайту жөніндегі жалпы стратегияның бір бөлігі. Біздің қызметкерлеріміздің Қазақстанда да, шетелде де спорттық аренадағы жетістіктері барлық қазақстандықтарды мықты, ұйымшыл және кез келген сын-қатерлерге дайын болуға шабыттандырады.

«Batyr Team» спорт клубы азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен патриоттық тәрбиесіне жаңа мүмкіндіктер ашып, өсіп, дамуын жалғастыруда.

ТЖ-АҚПАРАТ

ТАРАЗДЫҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ТІРАЛІГІ ТӘНТІ ЕТТІ

Тараз қаласындағы №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде Мухаммад есімді ерекше бала анасымен бірге экскурсияда болды.

Шара барысында ол өрт сөндіру және құтқару техникаларымен, өрт сөндірушілердің жауынгерлік киімдерімен танысып, жаттығу залын және қызмет тарихын қамтитын мұражайды аралады.

Мухаммадтың көптен бергі арманы – жедел қызметтердің көліктеріне отырып көру еді. Бүгін ол өрт сөндірушілердің арнайы техникасына отырып, олардың қызметімен жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, тараздық құтқарушылар ерекше баланың армандарының бірін жүзеге асырып, оған көтеріңкі көңіл-күй мен ұмытылмас әсер сыйлады.



ТІЛСІЗ ЖАУ ТЕЗ АРАДА СӨНДІРІЛДІ

Жуырда кезекші «112» пультіне Тараз қаласындағы С.Аққозиев көшесінде өрт шыққаны туралы хабарлама келіп түсті.

Оқиға орнына жеткен өрт сөндіру бөлімшелері техникалық қызмет көрсету станциясының боксында жеңіл автокөліктің жанғанын, кейіннен өрттің бокс ғимараты мен көршілес асхананың шатырына таралғанын анықтады.

Құтқарушылардың жедел әрі үйлесімді әрекеттерінің арқасында өрттің одан әрі таралуына жол берілмей, ауыр салдардың алдын алу мүмкін болды. Өртті сөндіру барысында құтқарушылар көлемі 50 литр болатын 1 газ баллонын және 5 оттегі баллонын дер кезінде қауіпсіз жерге шығарып, жарылыс қаупін болдырмады.

Зардап шеккендер жоқ.



ҚАЗА БОЛҒАНДАР МЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР ЖОҚ

Құтқарушылар 15-22 маусым аралығында жедел кезекшілік желі бойынша 14 төтенше жағдай және 2 оқиға тіркеді. Оның ішінде табиғи сипаттағы – 1, техногенді сипаттағы – 13 жағдай бар. Аталған оқиғалар нәтижесінде зардап шеккендер мен қаза болғандар жоқ.

Осылайша мамандар 134 рет шығуды жүзеге асырды. Атап айтсақ, өрт сөндіру бөлімдері 13 өртке, 70 жану оқиғаларына, 6 авариялық-құтқару жұмыстары және басқа да түрлі сипаттағы 2 шақыруға барған. Ал жедел-құтқару жасағымен 37 авариялық-құтқару жұмыстарына, 6 іздеу-құтқару жұмыстарына, жалпы саны 43 шақыруға барған.

Жалпы, аталған уақыт ішінде «101» және «112» желісіне жалпы 7 421 қоңырау түскен. Оның ішінде жедел сипаттағы – 3 788, жедел сипаттағы емес 3 633 қоңырау бар.



ЖАСТАР ЖАУАПТЫ МАМАНДЫҚТЫ МЕНГЕРУДЕ

Біле білген адамға, ең қауіпті деген мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Нағыз ер азаматтарға ғана тән жұмыс жүректілік пен батылдықты талап етеді. Сондай-ақ білім мен білек күші де құтқарушылар қатарына қабылдануда маңызды рөл атқарады.

Осыған орай М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Әлеуметтік психология» кафедрасының студенттері Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінде өндірістік тәжірибеден өтті.

Тәжірибе барысында олар Тараз қалалық №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен психологиялық тренингтер мен сергіту жаттығуларын өткізіп, эмоционалдық қысымды төмендету және ұжымдық бірлікті нығайтуға үлес қосты. Бұл тәжірибе студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіріп, құтқарушылардың психологиялық тұрғыдан сергіп, демалуына мүмкіндік берді.

Бетгі дайындаған Еркін САЙЫН



► БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ЭНТЕРОВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ – ӘРКІМНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жаз және күз мезгілдерінде жұқпалы аурулардың ішінде энтеровирустық инфекциялардың таралу қаупі арта түседі. Бұл ауру, көбіне, балалар арасында кездескенімен, ересектер де инфекцияны жұқтыруы мүмкін. Сондықтан энтеровирустық инфекция туралы халықтың хабардарлығын арттыру және оның алдын алу шараларын сақтау маңызды.



ЭНТЕРОВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Энтеровирустық инфекция – энтеровирустар тобына жататын вирустар тудыратын жұқпалы ауру. Энтеровирустар адамның асқазан-ішек жолында көбейіп, ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерін зақымдауы мүмкін. Ауру жеңіл түрде өтуі мүмкін, алайда кейбір жағдайларда жүйке жүйесінің, жүрек пен басқа да ағзалардың ауыр зақымдануына әкеледі.

Энтеровирустар қоршаған ортада төзімді болып келеді. Олар суда, тағам өнімдерінде және тұрмыстық заттардың бетінде ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Сондықтан инфекцияның таралуына қолайлы жағдайлар жиі қалыптасады.

ИНФЕКЦИЯ ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

Аурудың негізгі таралу жолы – нәжіс-ауыз механизмі. Вирус науқас адамның немесе вирус тасымалдаушының нәжісі арқылы қоршаған ортаға бөлінеді. Ластанған қол, су, тағам және тұрмыстық заттар арқылы басқа адамдарға жұғады.

Сонымен қатар энтеровирустар ауа-тамшы жолымен, ластанған су көздері арқылы, жуылмаған жеміс-жидек пен көкөністер арқылы, балалар ұжымдарында ортақ ойыншықтар мен заттарды пайдалану кезінде таралуы мүмкін.

Жазғы кезеңде ашық су айдынында шомылу кезінде де жұқтыру қаупі жоғарылайды.

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Энтеровирустық инфекция әртүрлі клиникалық түрде көрінуі мүмкін. Инкубациялық кезеңі көбіне 2-ден 10 күнге дейін созылады.

Негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- * дене қызуының 38-40°C дейін көтерілуі;
- * жалпы әлсіздік;
- * бас ауруы;
- * тәбеттің төмендеуі;
- * тамақтың қызаруы және ауыруы;
- * жүрек айну және құсу;
- * іштің ауыруы;
- * теріде бөртпенің пайда болуы.

Кейбір науқастарда бірнеше күннен кейін қызба қайта көтерілуі мүмкін. Бұл – энтеровирустық инфекцияға тән ерекшеліктердің бірі.

ҚАНДАЙ АСҚЫНУЛАР БОЛУЫ МҮМКІН?

Көп жағдайда ауру жеңіл түрде өтеді. Дегенмен кейбір жағдайларда ауыр асқынулар дамуы мүмкін:

- * серозды менингит;
- * энцефалит;
- * миокардит;
- * перикардит;
- * жедел салдану синдромдары.

Әсіресе, 5 жасқа дейінгі балалар, иммунитеті төмен адамдар және созылмалы аурулары бар тұлғалар қауіп тобына жатады.

ДИАГНОСТИКАСЫ

Энтеровирустық инфекцияны анықтау үшін дәрігер клиникалық белгілерді, эпидемиологиялық жағдай-

ды және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескереді. Қажет болған жағдайда молекулалық-генетикалық зерттеу әдістері қолданылады.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Энтеровирустық инфекцияның арнайы профилактикасы жоқ болғандықтан, аурудың алдын алу үшін санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау аса маңызды.

Әрбір азамат:

- * қолын сабынмен жиі және мұқият жууы;
 - * тек қауіпсіз немесе қайнатылған су ішуі;
 - * көкөніс пен жемістерді жақсылап жууы;
 - * тағамдарды дұрыс сақтауы;
 - * белгіленбеген орындарда суға түспеуі;
 - * балаларды жеке гигиена ережелеріне үйретуі қажет.
- Балалар мекемелерінде дезинфекциялық шараларды күшейту, үй-жайларды жиі желдету және ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

АТА-АНАЛАР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Баланың дене қызуы көтеріліп, бөртпе, құсу, іш өту немесе қатты бас ауруы байқалса, өздігінен ем қолданбай, медициналық көмекке жүгіну қажет. Ерте қойылған диагноз бен дер кезінде басталған ем асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Энтеровирустық инфекция – кең таралған және маусымдық сипатқа ие жұқпалы ауру. Оның алдын алудың ең тиімді жолы – жеке бас гигиенасын сақтау, қауіпсіз су мен тағамды пайдалану және санитариялық талаптарды орындау. Сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын қатаң сақтауға тиіс.

Г. РАХМАНБЕРДИЕВА,
Тараз қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы қоғамдық денсаулық сақтау бөлімінің маманы

► ҚОҒАМ ДЕРТІ

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУ – ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ЕМЕС

Қазіргі қоғамда ең маңызды әлеуметтік мәселенің бірі – өз-өзіне қол жұмсаудың таралуы. Бұл – философиялық, психологиялық, әлеуметтік, моральдық, құқықтық және медициналық аспектілерді қамтитын өте күрделі құбылыс.

Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер өлімі деңгейінің өсуі ерекше алаңдатууда. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2026 жылдың өткен кезеңінде Жамбыл облысы аумағында кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасында өз-өзіне қол салудың 10 фактісі тіркелген. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (8 жағдай) 25пайызға артық болып отыр. Сондай-ақ биыл өз-өзіне қол жұмсауға оқталу

әрекетінің 1 жағдайы тіркелді. Бұл 2025 жылдың өткен кезеңімен салыстырғанда (5 жағдай) 80 пайызға төмен.

Қалыптасып отырған жағдайда өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлығының психологиялық алдын алу – мемлекет пен қоғамның басым міндеттерінің бірі.

Осы орайда Қазақстанда тегін психологиялық қолдау көрсететін бірнеше қызмет бар екенін еске са-

ламыз:

– Отбасы, әйелдер мәселелеріне және балалардың құқықтарын қорғауға арналған (тәулік бойы және анонимді түрде жұмыс істейтін) 111 бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы;

– Балалар мен жастарға арналған Жамбыл облысы бойынша бірыңғай байланыс орталығы, телефон желісі-109 «психологиялық қолдау және кеңес беру қызметі».

ҚР Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті

► ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

Жамбыл облысында бет-жүзді тануға кедергі келтіретін киімдерді киюге тыйым салу талабын сақтамаған азаматтар жауапкершілікке тартылып жатыр. Заңнамаға енгізілген жаңа талаптарды бұзушылар профилактикалық және рейдтік іс-шаралар аясында анықталуда.

ЖҮЗІН ЖАСЫРҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛУДА

Облыстық Полиция департаментінің берген мәліметтеріне сүйенсек, заңнама күшіне енгелі бері облыс аумағында аталған талапты сақтамағаны үшін 11 тұрғынға ескерту беріліп, 1 азамат айыппұл арқалаған. Оның ішінде Тараз қаласында 9 адам ескерту алып, 1 азаматқа айыппұл салынған.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың 31 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы қабылданып, биылғы 2 наурызда күшіне енген болатын. Аталған құжаттың 75-бабы, 3-тармағында қоғамдық орындарда тұлғаны көзбен тануға мүмкіндік бермейтіндей дәрежеде бетті

толық жабатын киім киюге тыйым салынған. Бұл талап ауа райы жағдайларына, медициналық көрсетілмдерге, қызметтік міндеттерді орындауға, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу жағдайларына қолданылмайды.

Аталған талапты бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-3-бабына сәйкес жауапкершілік көзделген. Алғаш рет құқық бұзғандарға ескерту жасалады, ал бір жыл ішінде қайталанса, 10 айлық есептік көрсеткіш (43 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады.

«ЖТ»-ақпарат

► БАЙҚАУ

БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР



Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесі ұлттық салт-дәстүрлер мен батаның тәрбиелік мәнін насихаттау мақсатында «Батамен ел көгерер» тақырыбында облыстық байқау жариялайды.

Бірінші кезең қалалық және аудандық деңгейде 2026 жылдың 20 сәуір мен 10 маусым аралығында өтті. Екінші кезеңге аудандардан, қалалардан іріктелген батагөйлер жолдама алды.

«Батамен ел көгерер» облыстық байқауы 2026 жылы 26 маусымда Тараз қаласында, С.Рахимов көшесі, 55 мекенжайында орналасқан Ықылас Дүкенұлы атындағы мәдениет үйінде сағат 11:00-де өтеді.

Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесі

► МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰЖАТЫН ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Баланың дүниеге келуі – әр отбасы үшін маңызды оқиға. Бүгінде жаңа туған нәрестенің туу туралы куәлігін онлайн түрде де, жеке өтініш беру арқылы да жылдам әрі ыңғайлы рәсімдеуге болады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қазақстанда баланың тууы үш жұмыс күні ішінде тіркелуге тиіс. Ата-аналар өтінішті өз таңдауы бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу органына бере алады.

Медициналық туу туралы анықтама не болмаса туған фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі тууды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болып саналады. Медициналық анықтамада ананың деректері, сондай-ақ баланың тегі, аты, туған күні, жынысы және құжатты беру күні көрсетілуге тиіс. Егер құжат қағаз түрінде рәсімделсе, ол медициналық ұйымның қолы мен мөрмен расталуы қажет, ал электрондық нұсқада болса, жауапты қызметкердің ЭЦҚ-сымен куәландырылуы қажет.

– Жыл басынан бері Жамбыл облысында 7 671 туу туралы куәлік берілді. Тіркеулердің ең көп саны Тараз қаласына тиесілі, мұнда 3 332 туу туралы куәлік рәсімделді. Одан кейін 1 124 куәлік берілген Қордай ауданы және 553 туу тіркелген Байзақ

ауданы орналасқан, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры Батырхан Тоқтағұл.

2026 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша туу фактісін тіркеуге берілген өтініштердің 80 пайыздан астамы онлайн форматта рәсімделген. Бұл мемлекеттік қызметтерді алудың цифрлық арналарына халық сұранысының тұрақты екенін көрсетеді.

Еске салайық, туу туралы куәлікті алу үшін баланың тууын тіркеуге өтініш беру қажет. Мұны SMS-хабарламалар арқылы проактивті форматта, электрондық үкімет порталы немесе мобильді қосымшалар арқылы онлайн, сондай-ақ ХҚКО-ға жүгіну арқылы жүзеге асыруға болады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалы

Қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша
қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының экология кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС Жамбыл облысында қуаттылығы 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын салу. 3 кезек. 300 МВт жел электр станциясы» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды. Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

DD	DDM
44.696393N 73.297531E	44° 41.7836'N 073° 17.8519'E
44.621666N 73.367569E	44° 37.3'N 073° 22.0541'E
44.656599N 73.506271E	44° 39.396'N 073° 30.3763'E
44.718353N 73.389885E	44° 43.1012'N 073° 23.3931'E

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізіледі. Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді: • Мирный ауылы – 4 тамыз, 2026 жыл, сағ. 11:00. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный ауылы, Абылай хан көшесі, №7 үй Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Ақтас Энерджи» ЖШС БСН: 201040005619 Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7 701 244 2288 ҚОҚ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері: «Build Master Group» ЖШС БСН: 000640008036 Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 60/2 Электрондық пошта: varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007 Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады: • Ақпараттық жүйе: www.ndbecology.gov.kz • Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында, ақпараттық жүйе (АЖ) арқылы, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады. Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288 Қоғамдық тыңдауларға онлайн қатысу келесі сілтеме арқылы қолжетімді: Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=967928703618

Идентификатор: 967-928-703-618 Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін QR код арқылы тіркелу қолжетімді (QR код Microsoft Forms арқылы)



A

ОБЪЯВЛЕНИЕ
о проведении общественных слушаний по проекту
Раздел охраны окружающей среды

В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО "Актас Энерджи" сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: Раздел охраны окружающей среды «Строительство ВЭС «Мирный» 1 ГВт в Жамбылской области 3-я очередь. ВЭС 300 МВт» Географические координаты территории воздействия:

DD	DDM
44.696393N 73.297531E	44° 41.7836'N 073° 17.8519'E
44.621666N 73.367569E	44° 37.3'N 073° 22.0541'E
44.656599N 73.506271E	44° 39.396'N 073° 30.3763'E
44.718353N 73.389885E	44° 43.1012'N 073° 23.3931'E

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта. Общественные слушания состоятся: • с. Мирный — 4 августа 2026, в 11:00 по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, с. Мирный, ул. Абылай хана дом 7 Инициатор намечаемой деятельности: ТОО "Актас Энерджи" БИН: 201040005619 Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра 15А, Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7701 2442288 Контактные данные разработчика РООС: ТОО «Build Master Group» БИН: 000640008036 Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сыганак 60/2 Электронная почта: : varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007 Материалы проекта доступны для ознакомления: • В Информационной системе по ссылке www.ndbecology.gov.kz • на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до проведения общественных слушаний на сайте www.ndbecology.gov.kz, ИС, а также по адресу электронной почты s.agabek@zhambyl.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288 Онлайн подключение к общественным слушаниям доступно по ссылке: Идентификатор встречи: 967-928-703-618 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=967928703618

Регистрация для участия в общественных слушаниях доступна по QR коду (QR код на Microsoft Forms) Регистрация для участия в общественных слушаниях доступна по QR коду



A

Қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша
қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының экология кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС Жамбыл облысында қуаттылығы 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын салу. 4 кезек. 200 МВт жел электр станциясы» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды. Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

DD	DDM
44.718805N 73.391086E	44° 43.1283'N 073° 23.4652'E
44.689523N 73.323452E	44.689523N 73.323452E
44.769038N 73.237965E	44° 46.1423'N 073° 14.2779'E
44.773669N 73.305942E	44.770256N 73.299763E

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізіледі. Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді: • Мирный ауылы – 4 тамыз, 2026 жыл, сағ. 12:00. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный ауылы, Абылай хан көшесі, №7 үй Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Ақтас Энерджи» ЖШС БСН: 201040005619 Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7 701 244 2288 ҚОҚ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері: «Build Master Group» ЖШС БСН: 000640008036 Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 60/2 Электрондық пошта: varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007 Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады: • Ақпараттық жүйе: www.ndbecology.gov.kz • Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында, ақпараттық жүйе (АЖ) арқылы, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288 Қоғамдық тыңдауларға онлайн қатысу келесі сілтеме арқылы қол жетімді: Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=921661494448 Идентификатор: 921-661-494-448 Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін QR код арқылы тіркелу қол жетімді



A

ОБЪЯВЛЕНИЕ
о проведении общественных слушаний по проекту Раздел охраны окружающей среды

В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО "Актас Энерджи" сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: Раздел охраны окружающей среды «Строительство ВЭС «Мирный» 1 ГВт в Жамбылской области 4-я очередь. ВЭС 200 МВт» Географические координаты территории воздействия:

DD	DDM
44.718805N 73.391086E	44° 43.1283'N 073° 23.4652'E
44.689523N 73.323452E	44.689523N 73.323452E
44.769038N 73.237965E	44° 46.1423'N 073° 14.2779'E
44.773669N 73.305942E	44.770256N 73.299763E

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта. Общественные слушания состоятся: • с. Мирный — 4 августа 2026, в 12:00 по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, с. Мирный, ул. Абылай хана дом 7 Инициатор намечаемой деятельности: ТОО "Актас Энерджи" БИН: 201040005619 Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра 15А, Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7701 2442288 Контактные данные разработчика РООС: ТОО «Build Master Group» БИН: 000640008036 Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сыганак 60/2 Электронная почта: : varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007 Материалы проекта доступны для ознакомления: • В Информационной системе по ссылке www.ndbecology.gov.kz • на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до проведения общественных слушаний на сайте www.ndbecology.gov.kz, ИС, а также по адресу электронной почты s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244-2288 Онлайн подключение к общественным слушаниям доступно по ссылке: Подключиться к встрече в Qosyl: Идентификатор встречи: 921-661-494-448 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=921661494448 Регистрация для участия в общественных слушаниях доступна по QR коду



A

«Таразтрансэнерго» МКК жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу қызметтері бойынша 2026 жылдың І жартыжылдығының қорытындысы жөніндегі бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, сондай-ақ бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебінің жария тыңдауы 2026 жылғы 31 шілде күні сағат 16:00-де Тараз қаласы, Исатай көшесі, 8 «А» мекенжайындағы мәжіліс залында өтетінін хабарлайды.

A

► КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Қай қоғамның болмасын дамуы еңбекпен өлшенеді. Еңбек бар жерде береке, өндіріс бар жерде өркендеу бар. Әсіресе, ел экономикасының тірегі саналатын шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы халықтың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, тұрғындардың тұрақты табыс көзін табуына жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда Тараз қаласының Жібек жолы ауданы, «Жалпақтөбе» алабында биылғы сәуір айында жұмысын бастаған «Kezer» тігін фабрикасының маңызы ерекше. Өйткені бұл кәсіпорын тек өнім шығаратын өндіріс орны ғана емес, жаңа кәсіп үйренуге, жаңа өмір бастауға мүмкіндік беретін еңбек мектебіне айналғалы отыр.

«KEZER»-ДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ, ТІРЛІГІ ТАБЫСТЫ



тұрғындары үшін айтарлықтай қолдау екені сөзсіз.

Өндірістің сапалы ұйымдастырылуына халықаралық тәжірибе де өз үлесін қоспақ. Кәсіпорынға Түркиядан арнайы шақырылған технолог Мехмет Дурак өндірістік процестерді жетілдіруге және жұмысшыларды оқытуға атса-



Бүгінде әлемдік нарықта жеңіл өнеркәсіптің орны ерекше. Киім-кешек өндірісі тек экономикалық табыс көзі ғана емес, халықтың күнделікті сұранысын қамтамасыз ететін маңызды сала саналады. Осыны терең түсінген кәсіпорын басшылығы алғашқы күннен-ақ өндірісті заманауи талаптарға сай ұйымдастыруды мақсат еткен. Қазіргі таңда фабрика дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келетін 100 дана өнеркәсіптік тігін машинасымен жабдықталған. Бұл құрал-жабдықтар өнім сапасын арттырып қана қоймай, өндірістің тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді. Толық қуатына шыққан кезде кәсіпорын 100 адамды тұрақты жұмыспен қамти алады. Қазіргі өзінде мұнда 45 адам еңбек етіп жүр.

Кәсіпорынның басты ерекшелігі – жұмысқа қабылданатын азаматтардан арнайы тәжірибе талап етілмейді. Көп жағдайда жұмыс іздеушілердің алдынан «тәжірибенің жоқ» деген тосқауыл шығатыны белгілі. Ал «Kezer» ұжымы бұл қалыптасқан түсінікті өзгертуді көздеп отыр. Мұнда бұрын-соңды тігін машинасына отырып көрмеген қыз-келіншектер де жұмысқа қабылданады. Ең бастысы – ынта мен еңбекке деген құлшыныс. Арнайы сала мамандары оларды өндірістің қыр-сырына баулып, тігін өнерінің барлық кезеңдерін үйретеді. Оқу аяқталған соң қатысушыларға сертификат табысталып, кәсіби маман ретінде еңбек жолын бастауға мүмкіндік беріледі.

Бұл бастама, әсіресе аудан әйелдері үшін үлкен мүмкіндік болып отыр. Себебі көптеген азамат тұрақты жұмыс таппай, өз қабілеттерін толық пайдалана алмай жатады. Ал мұнда олар жаңа кәсіп менгеріп қана қоймай, отбасылық табысын арттыруға мүмкіндік алады. Кәсіпорын ұсына-тын жалақы мөлшері 100 мыңнан 200 мың теңгеге дейін жетеді. Бұл аудан

лысуда. Түркия жеңіл өнеркәсібі әлемдік деңгейде мойындалған салалардың бірі саналады. Сондықтан шетелдік маманның тәжірибесі мен білімі өндіріс сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Мехмет Дурактың айтуынша, қазіргі нарықта табысқа жетудің басты шарты – сапа мен тәртіп. Оның пікірінше, қандай өнім болса да, ең алдымен, тұтынушының сеніміне ие болуға тиіс. Сондықтан өндірістегі әрбір тігіс, әрбір бөлшек халықаралық талаптарға сай орындалуы қажет. Түркиялық маман жергілікті жұмысшылардың ынтасы жоғары екенін ерекше атап өтіп, болашақта бұл ұжымның үлкен жетістіктерге жететініне сенім білдірді.

– Соңғы жылдары әлемде түрлі экономикалық және логистикалық өзгерістер болып жатыр. Осындай кезеңде әр мемлекет өзінің ішкі өндірістік әлеуетін күшейтуге басымдық береді. Әсіресе, халық күнделікті тұтынатын тауарларды өз елімізде өндірудің маңызы зор. Тігін өнеркәсібі – жұмыс күшін көп қажет ететін сала. Сондықтан мұндай кәсіпорындар бір мезетте бірнеше мәселені шешеді. Біріншіден, жұмыссыздық деңгейін төмендетеді. Екіншіден, жаңа мамандар даярлайды. Үшіншіден, отандық өнімнің нарықтағы үлесін арттырады. Меніңше, «Kezer» секілді кәсіпорындардың құндылығы да осында.

Бүгінде көптеген жұмыс беруші тәжірибесі жоқ азаматтарды жұмысқа қабылдауға құлықсыз. Ал мұндағы бастаманың ерекшелігі – адамға мүмкіндік беруінде. Бұрын тігін саласында жұмыс істемеген қыз-келіншектерді оқытып, мамандық үйрету –

әлеуметтік жауапкершіліктің нақты көрінісі. Ертең олар тек жұмысшы ғана емес, білікті маман ретінде қалыптасады. Тіпті, болашақта өз кәсібін ашып, шағын өндіріс ұйымдастыруына да негіз қаланады.

Тағы бір маңызды мәселе – сапа. Қазіргі тұтынушы өнімнің сыртқы келбетіне ғана емес, оның ұзақ уақытқа жарамдылығына, тігісінің беріктігіне, матасының сапасына ерекше мән береді. Сондықтан халықаралық тәжірибесі бар мамандарды тарту өте дұрыс шешім деп есептеймін. Түркия жеңіл өнеркәсіпте үлкен тәжірибе жинақтаған мемлекеттердің бірі. Сол тәжірибені жергілікті кадрларды даярлауға пайдалану өндірістің болашағына салынған инвестициямен тең.

Егер кәсіпорын бастапқы мақсатынан айнымай, сапаны басты орынға қойып жұмыс істесе, бірнеше жылдың ішінде тек аудан немесе облыс көлемінде ғана емес, республика деңгейінде танылатын бренд қалып-

тастыруға толық мүмкіндігі бар. Өйткені кез келген табысты өндірістің негізінде кәсіби маман, сапалы өнім және еңбекке деген жауапкершілік жатады, – дейді түркиялық маман.

Кәсіпорын әзірге арнайы формалар мен түрлі үлгідегі ер кісілердің жейделерін тігуді қолға алған. Дегенмен, болашақ жоспарлары бұдан әлдеқайда ауқымды екен. Алдағы уақытта арнайы жұмыс киімдерін өндіру басты бағыттардың біріне айналмақ. Қазіргі таңда арнайы киімдерге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Құрылыс, өндіріс, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы салаларында сапалы арнайы киімге қажеттілік жоғары. Осы сұранысты отандық өнім арқылы қамтамасыз ету кәсіпорынның негізгі мақсаттарының бірі болып отыр.

Басшылық арнайы киім өндірісін дамытып қана қоймай, оны болашақта танымал брендке айналдыруды көздейді. Бұл – үлкен мақсат. Бірақ кез келген үлкен жетістік осындай батыл қадамдардан басталатыны белгілі. Бүгінде әлемге әйгілі брендтердің барлығы шағын өндіріс орнынан бастау алғанын ескерсек, «Жалпақтөбедегі» бұл бастаманың да келешегінен үлкен үміт күтуге болады.

– Қазіргі таңда нарықтағы басты

мәселелердің бірі – сапалы әрі қолжетімді киімнің аздығы. Көп жағдайда тұтынушылар не қымбат шетелдік тауарды таңдауға, не сапасы төмен өнімге қанағат етуге мәжбүр болады. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Kezer» ұжымы халыққа сапалы, арзан әрі қолжетімді өнім ұсынуды көздеп отыр. Бұл бастама отандық өндірістің дамуына ғана емес, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына да оң әсерін тигізеді. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы өндіріс әлеуметтік жағдайын жақсартып, жастардың жұмыссыздық мәселесін азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар жергілікті өнім өндіру арқылы ішкі нарықтағы импортқа тәуелділік төмендейді. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың тұрақтылығын нығайтады. Айта кететін жайт, бізде арнайы мамандар тігу білмейтін жандарды оқытып, үйретіп, сертификаттар табыстайды. Жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Асханада үш мезгіл ыстық тамақ та қарастырылған, – дейді кәсіпорын директоры Серікжан Тұрлыбек.

Оның сөзінше, кәсіпорын, ең алдымен, адамдарға мүмкіндік беруді көздейді. Мұнда келген әрбір адам жаңа кәсіп үйреніп, өз болашағына жол аша алады. Сонымен қатар сапалы өнім шығару арқылы халық сеніміне ие болу – ұжымның басты ұстанымы.

Шынында да, бүгінгі таңда өндіріс өркендеуі осындай нақты істерден басталады. Бір жағынан халықты жұмыспен қамтып, екінші жағынан отандық өнім өндіріп отырған кәсіпорындардың еңбегі зор құрметке лайық. Жібек жолы ауданы «Жалпақтөбе» алабында бой көтерген «Kezer» тігін фабрикасы – еңбекке негізделген осындай игі бастамалардың бірі. Бұл кәсіпорынның жұмысы алдағы уақытта кеңейіп, жүздеген адамға нәсіп болып, отандық жеңіл өнеркәсіптің дамуына өзіндік үлесін қосарына сенім мол. Өйткені әрбір жаңа өндіріс орны – өндіріс ертіне салынған инвестиция, әрбір ашылған жұмыс орны – бір отбасының әл-ауқаты, ал сапалы отандық өнім – ел экономикасының нығаюына қосылған нақты үлес.

Арайлым ШАБДЕНОВА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Бас директор –
АЙМАН ТЛЕУКЕЕВА

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың
орынбасары:
Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:
Жарнама менеджері:
Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН
Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Арайлым ШАБДЕНОВА
Анель ТОТАНБАЕВА
Дариха ҰМБЕТИЯРОВА
Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64
Жансая БАЗАРБАЕВА
Құрбанәлі ШАХАБАЙ

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:
Жаннұр МУХАНОВА
Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ
Фото-видео монтажер:
Нурлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 11 496
Тапсырыс: 385

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады. Газетіміздің келесі саны 27 маусым, сенбі күні шығады.

Мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агенттігін және желілік басылмды есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87ҰР00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де басылды. Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайымызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44 8 705 789 70 74